

УДК 619:616.993:636.2

С. А. Серғалиева, магистрант

М. Г. Гусманов, ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРА МАЛЫНЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ КЕЗІНДЕГІ АЛДЫН -АЛУ, САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ІНДЕТТІК МОНИТОРИНГТІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аннотация

Мақалада ірі қара малының бруцеллез ауруының алдын алу шаралары көрсетілген. Сонымен қатар бруцеллез бойынша індет мониторингі жүргізілген. Бұл мәліметтер БҚО АШД Ветеринария бөлімінен және “ БҚО эпизоотияға қарсы жасақ” бөлімінен алынды.

Түйін сөздер: бруцеллез, мониторинг, індеттік карта, серологиялық әдіс.

Тақырыптың өзектілігі. Ірі қара бруцеллезі қазіргі таңда республикамыздың мал өсіретін шаруашылықтары үшін ең өзекті мәселе болып отыр. Өйткені, соңғы бес жылдықта жыл сайынғы бруцеллезге шалдыққан мал басы азаймай, 2013 жылы 4900 басты құраса, 2014 жылы ол көрсеткіш 6200-ге дейін өсті.

Бруцеллез зооантропонозды індет, сондықтан да ол үлкен әлеуметтік-экономикалық мәселе болып табылады [1].

Қазақстанда жыл сайын бруцеллезбен ауырған 2600 – 2800 адам тіркелді, яғни біздің ел ТМД елдерімен салыстырғанда алғашқы орындардың бірін алып отыр. Адамдардың негізгі бруцеллез жұқтыру көзі жануарлар болып табылатын болғандықтан, мал шаруашылығын бруцеллезден сауықтыруды пәрменді жүргізу қажет, бұл ветеринария қызметіне үлкен жауапкершілік жүктейді. Бруцеллездің алдын алу және онымен күрес шаралары өте жоғары әдістемелік дәрежеде ұйымдастырылуы қажет, сонымен қатар тиімді болуы керек [2].

Қазіргі кезде ветеринария тәжірибесінде қолданылып жүрген мал бруцеллезіне қарсы шаралар жүйесі шаруашылықтарды бруцеллез індетінен толықтай сауықтыруды қамтамасыз ете алмай отыр.

Бруцеллезді алдын алудың ең басты шараларының бірі індетті уақытында балау арқылы табындағы бруцеллез жұқтырған жануарларды мейілінше толық анықтап, оқшаулау және жою немесе арнайы қарастырылған орындарда санитарлық сою.

Ветеринарияда қолданылып жүрген серологиялық балау әдістері орындалуы күрделі, зерттелу нәтижелерін алу үшін 3 күндей уақыт кетеді. Қалыптасқан жағдайда ауыл шаруашылық малдарын бруцеллезге тексеріп, індет ошағының көзін табыннан тез арада оқшаулау үшін сезімталдығы мен телімділігі жорғары, орындалуы оңай, тиімді балау әдістерін оңтайластыру қажет [3].

Мал бруцеллезіне қарсы күресті жүргізгенде жалпы ұйымдастырушылық шараларынан басқа, арнайы ветеринарлық іс-шараларды ғылыми негізделген әдістемелер бойынша іске асырудың үлкен маңызы бар.

Бруцеллезді балау және онымен күрес шараларын ұйымдастыру үшін қажет мәліметтер, індеттанулық зерттеулерге сүйене отырып алынады [4].

Зерттеу мақсаты: аурудың алдын алу шараларын жетілдіру, індетке мониторинг жүргізу.

Өзіндік зерттеулер мен әдістері. Бруцеллезді алдын алу, одан сау емес пунктті сауықтыруды жетілдірудің негізгі қағидалары:

- Серологиялық балау әдістерінің тиімділігін арттыру;
- Шаруашылыққа сырттан әкелінген аналық мал арасынан бруцеллездің жасырын түріндегі малды анықтау үшін карантин кезінде жіті бақылау арқылы бруцеллездің алдын-алу;
- Індеттанулық категориялардың мазмұны мен мағынасын жаңа жағдайға

сәйкестендіру, бруцеллезге қарсы жүргізілетін шаралардың бағыты мен сипатын түбегейлі өзгерту;

➤ Бруцеллезден сау емес пункт шекарасын әкімшілік территория шеңберінде емес, ауру мал анықталған табынның орналасуы бойынша анықтау;

➤ Кең алқанға орналасқан ірі сиыр өсіретін шаруашылықты індет ошағының ауқымын мүмкіндігінше тарылтып, ветеринарлық-санитарлық шараларды (дезинфекция, т.б.) тиімді орындау;

➤ Нәтижелі балау әдістерін қолдану арқылы табынды бруцеллезден сауықтыруға арналған бақылаулық мерзімді мүмкіндігінше қысқарту;

➤ Нозологиялық балау анықталғаннан кейін бруцеллезге індеттанулық балау қою;

➤ Нозологиялық балау әдістерін зерттеу мақсатына байланысты (індет ошағындағы ауру малды толық анықтау, сауықтыру шараларын бақылау, т.б.) қолдану;

➤ Бруцеллезге қарсы шаралар кешенінде ең тиімді балау әдістерін айқындау;

Бруцеллез ауруының алдын алу, жою мақсатында біздің облысымызда да көптеген ветеринарлық-санитарлық бағытта шаралар ұйымдастырылған түрде жүргізілуде. 2014 жылдың өзінде бруцеллезге шалдыққан ірі қара мал саны 6143 басты құрады. Ол өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1334 басқа артық. Қазіргі уақытта ауруға оң нәтиже берген ірі қара малдарын арнайы ет комбинаттарына етке тапсыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде және қатаң тәртіппен қадағалануда. 1-ші кестеде осы мәліметтер толықтай көрсетілген [5].

1 кесте – БҚО бойынша бруцеллез ауруына шалдыққан ауыл шаруашылық малдарының қозғалысы жөнінде 2014 жылға ақпарат


№	Аудан атауы	9-айлық жылдық	Тексерілгені	Ауруға шыққаны	Тапсырылған мал саны	Қалған ауру мал	Қайда тапсырылғаны						Залалсызданд		Жасалған		Ірі қара			
							ЖК	Құспанов	Ибрагим	Жәрдем	Жайық Ет	Исмаил	басқа себ	Аула саны	Аумағы (шаршы метр)	Аула саны	Аумағы (шаршы)	Берілген нұсқама лар	Сан ы	Сомма сы
1	Ақжайық	55001	52677	1204	1032	167	562	73	204	15	178	423	12220	138	12170	423	4	74080		
2	Бөкейорда	44214	41017	1202	1059	133	79	68	468	83	5	356	321	10346	51	4117	321	15	175940	
3	Бөрлі	12621	12010	50	44	6	40					4	40	3600	24	2400	40		0	
4	Жаңақала	37493	34118	857	810	47	126		371	12		301			277	19380	363	14	129640	
5	Жәнібек	19990	18065	518	515	3	61	20	318	1	11	102	237	11577	237	11577	237	6	55560	
6	Зеленов	29807	29226	54	54	0	7	3	44			0	26		26		26		0	
7	Казталов	46885	41153	1046	969	62	794	0	175				296	107494	263	90762	296	8	74080	
8	Қаратөбе	22128	21328	181	180	1	140		28	1		11	90	10800	80	9600	90	5	46300	
9	Сырым	28318	26393	418	409	9	120	81	192	0		16					163	2	37040	
10	Тасқала	18081	16807	225	220	3	33	28	144	0	6	9	82	16835	49	11630	88	1	18520	
11	Теректі	30667	29006	362	362	0	49	51	239	21	2	0					176	6	55560	
12	Шыңғырлау	17333	17003	16	16	0	16					0	8	1259			9		0	
13	Орал қ	3462	3284	10	10	0	5	2				2	1	7	400	7	400	7	1	46300
Аудан бойынша		366000	342087	6143	5680	431	2032	326	2183	133	26	978	1530	174531	1152	162036	2239	62	713020	

Зерттеу нәтижелері. Батыс Қазақстан облысында республика бойынша мүйізді ірі қара малының бруцеллезге шалдығу көрсеткіші 2014 жылдың қорытындысы бойынша – 1,79% құрайды.

Облыс бойынша 12 ауданды және қаланы ала қосқанда ауру малдың статистикалық көрсеткіштері бойынша 3 деңгейге бөлікті. А, В және С тобы. А тобына бір жыл көлемінде 1000 бас малдан жоғары, В тобына 1000 – 500 бас аралығындағы мал саны және С тобына 500 ден төмен бас мал санының көлемінде бөлікті. А тобына 2014 жылғы көрсеткіш бойынша ауруға шалдығу динамикасы жоғары аудандарды жатқыздық. Оларға: Ақжайық ауданында - 1265, Бөкейорда ауданында – 1285 және Казталов ауданы бойынша – 1156 бас мал жатқызылды.

В тобына Жаңақала ауданы – 944 және Жәнібек ауданы – 552 бас мал жатқызылды.

С тобына Орал қаласы – 10 және қалған 7 аудан, соның ішінде Бөрлі – 56, Зеленов – 54, Қаратөбе – 181, Сырым – 427, Тасқала – 229, Теректі – 426, Шыңғырлау – 16 жатқызылды. Бұл жөнінде картада көрсетілген (1 сурет)



1 сурет – БҚО бойынша мүйізді ірі қараның бруцеллезге шалдығу деңгейі көрсетілген індеттік карта

Сонымен, қорыта келе, мақалада мүйізді ірі қара бруцеллезі кезіндегі алдын алу, сауықтыру шараларын арттырудың тиімді көздері көрсетілген. Мониторинг жүйесінің нәтижелері бойынша, бір жыл ішінде 369035 мал басынан сынама алынып, оның ішінде 6601 мал басы бруцеллез ауруына оң нәтиже берген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Буткин Е. И. Бруцеллез. Колос, 1981. – 57 с.
- 2 Косилов И.А. Бруцеллез сельскохозяйственных животных. Новосибирск, 1992. –68 с.
- 3 Тен В.Б., Даугалиева С. Т., Алпысбаева С.Е., Дюсенов С.М. Рекомендации по профилактике и ликвидации бруцеллеза крупно рогатого скота. Алматы, 2009. – 26 с.
- 4 Аманжол Р.А. Мал бруцеллезінің алдын- алу және сауықтару шараларын жетілдіру. Алматы, 2011. – 75-76 б.
- 5 Жұмаш А.С., Султанов А.Ә., Барамова Ш.А. Ірі қараның созылмалы ауруларына қарсы күрес шараларына арналған ұсыныстар. - Алматы, 2011. – 32 б.

РЕЗЮМЕ

В статье описаны меры профилактики бруцеллеза крупного рогатого скота, а так же представлены данные мониторинга бруцеллеза по ЗКО. Все данные взяты в Департаменте ветеринарии МСХ ЗКО и у «Эпизоотического отряда ЗКО» по борьбе с инфекционными болезнями.

RESUME

In the article is reflected measures of prevention of a brucellosis largely of a cattle and also monitoring a brucellosis. All these data were taken from the department of veterinary sciences and from against epizootic detachment.